

НҮРЛЫ ЖОЛ

1991 жылдың 10 январынан шыға бастады

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті

№36 (3301), сенбі,
3 май, 2025 жыл

ХОРЕЗМДІ ОДАН ӘРІ ДАМУҒА ЖЭНЕ ЕЖЕЛГІ ДАҢҚЫН ТІКТЕУ БОЙЫНША ҮЛКЕН ЖОСПАРЛАР БЕЛГІЛЕНДІ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев аймақтар дамуымен жэне тұрғындар өмірімен жақыннан танысу, жаңа болашақты жоспарларды белгілеу мақсатында 1-2 май күндері Хорезм облысында болды.



2 май күні Үргеніш ауданында Хорезм облысын әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамытуға арналған маңызды міндеттер талқыланған жиналыс өтті.

Президент Шавкат Мирзияев Хорезмді даңқты тарихымыз бен жаңа реформалар тоғысқан торап деп атады.

Логистикалық тізбектен алыс орналасқан, табиғи ресурстары шектеулі бұл аймақ былтыр “шағын жэне орта бизнес жылы” ретінде ерекшеленді деуге болады. 2024 жылы облыста 7 мың жаңа кәсіпкер жұмыс бастаған, 47 кәсіпорын шағыннан орта деңгейге өткен. 1 мың 700 кәсіпорын қызметін қайта жандандырды. Соның нәтижесінде бір жылдың ішінде облыста 290 мың адам жұмыспен қамтылды.

Бірақ алда көкейкесті мәселелер бар. Облыста кембағалдық деңгейі әлі де 12 пайыз шамасында, 45 мың азамат жұмыссыз. Осыған байланысты әкімдер мен олардың орынбасарларына әрбір мүмкіндікті жобаларға айналдырып, жаңа жұмыс орындарын ашу, өнеркәсіп, қызмет көрсету, туризм, ауыл шаруашылығы жэне экспорт әлеуетін арттыру тапсырылды.

Мемлекетіміз басшысы осы салалардағы мүмкіндіктер мен оларды жүзеге асыру жолдарын нақты атап өтті.

Мысалы, елімізде туризм экспортының әлеуеті 10 миллиард доллар болса, соның 2 миллиард доллары Хорезмге тиесілі. Өкінішке қарай, бұл әлеует толық пайдаланылмай отыр.

Облыста жалпы саны 263 мәдени мұра нысаны бар. Кәсіпкерлермен бірлесе отырып, оларды туристік орындарға айналдырсақ, қосымша табыс пен жұмыс орындары болады. Сондай-ақ шетелден тәжірибелі археологтар тартылады, тарихи орындарды анықтау мен қалпына келтіруге қаржы бөлінеді.

Хорезмде 40-тан астам колөнер бағыты дамыған, саяхатшылар өнімді дайындау үдерісіне де қызығушылық танытады.

Туризмде тамактану орындары

маңызды рөл атқарады. Президентіміз ұлттық тағамдарымызды шетелде насихаттап жүрген рестораторларды қолдап-қуаттау қажет екенін атап өтті. Шетелде өзбек мейрамханаларын ашу кезінде тіркеу, рұқсат алу жэне іс жүргізуге байланысты шығындардың бір бөлігі өтелетіні белгіленді.

Қонақүйлер мен көлік бағыттарын көбейту, жаңа ойын-сауық жэне тақырыптық орындар ашу, гидтер мен даяшыларды даярлау мәселелері де қозғалды.

Жалпы, биыл 200 миллион долларлық 91 жобаны жүзеге асыру, туризм мен қызмет көрсету саласында 100 мың жұмыс орын ашу міндеті қойылды. 2 миллион шетелдік жэне 10 миллион отандық саяхатшы тарту арқылы туризм экспортын 700 миллион доллардан асыру көзделіп отыр.

Экономика саласында да мүмкіндіктер мол. Биыл Хорезмде кемінде 6 пайыз экономикалық өсім қамтамасыз етіліп, жалпы аумақтық өнім көлемі 60 триллион сумнан асуы көзделген. 265 мың адамды жұмыспен қамтып, 104 мың адамды кембағалдықтан шығару жоспарланған.

Мысалы, жекешелендіру бағдарламасы аясында 2025 жылы облыста 41 мемлекеттік ғимарат пен 350 гектар жер телімі саудаға шығарылуда. Бұл — қызмет көрсету, туризм жэне өндіріс салалары үшін үлкен мүмкіндік.

Соңғы сегіз жылда Хорезмде жиназ өнеркәсібі 3 есе өсті. Хангадағы 10 гектар жерде жиназ жасау әлеуеті кәсіпкерлерге құрылады. Бұл саланы одан әрі дамыту үшін шетелден дизайнерлер, маркетингтер жэне инженер-технологтар тартылады.

Жалпы, елімізде бұл саланы қолдау үшін арнайы бағдарлама әзірлеу тапсырылды.

Қазіргі күрделі жаһандық жағдайларда инновация мен инвестиция тартқан мемлекеттер ғана табысқа жетіп отыр. Бұл бағытта Хорезмде де ауқымды жоспарлар бар. Атап айтқанда, биыл жалпы құны 900 миллион долларлық 12 ірі жэне 480 аумақтық жоба іске қосылады. 65

түрдегі өнім мен 5 түрдегі жабдық шығарылып, жергіліктендіру көлемі 1,7 триллион сумға жетеді. 1,5 миллиард доллар шетелдік инвестиция тартылып, 510 миллион долларлық өнім экспортталады.

Мысалы, Қушқупис ауданында 175 гектарда “Өзбекстан — Қытай технопаркi” құрылуда. Онда 1 миллиард долларлық 16 инвестициялық жоба іске асырылады.

Топыраққала 10 миллиард долларлық газ-химия кешенінің бірінші басқышы басталады. Онда жылына 2 миллион тонна, 14 түрдегі жоғары қосылған құнды базалық полимер өнімдері өндіріледі.

Хорезмде 663 құрылыс материалдары кәсіпорны жұмыс істейді жэне бұл сала облыстың жетекші бағыттарының біріне айналды. Енді бұл кәсіпорындардың өнімдерін сату қаржылық қолдаулар арқылы ынталандырылады. Салада құны 100 миллион долларлық тағы 40 жоба басталады.

Словакия компаниясы Топыраққала ауданында 170 миллион долларлық жоба аясында рапс өсімдігін өсіріп, одан биоэтанол өндіруді жолға қояды.

Ауыл шаруашылығы саласында 60 миллион долларлық 56 жоба іске қосылады. 3 мың 400 гектар жер қайта айналымға енгізіліп, 1 мың 200 гектарға өнеркәсіптік жеміс бақтары отырғызылады.

Австрияның “Бауэр” компаниясымен бірлесе отырып, Хорезмде 7,5 мың гектар жерге жаныбырлатып суару жүйесін енгізу жоспарланған. Ол үшін фермерлерге қажетті техникалар дайын орнатылып, олар лизинг негізінде жылдық 2,5 пайыз мөлшерлемемен 10 жыл мерзімге сүммен беріледі.

Хорезмдік фермерлер өнімнің өзіндік құнын азайту үшін ізденіс үстінде — олар тракторларға заманауи “автопилот” жүйесін орнатқан. Соның арқасында тұқым дәл егілуде, өнім сапасы артуда. Осы бастаманы қолдап-қуаттау үшін жеңілдетілген несие беру мәселесі қарастырылды.

Облыста егістік алқаптарға су

жеткізу оңай емес. Республикадағы барлық су сорғысының 21 пайызы осы жерде орналасқан. Осы себепті оларға күн панельдерін орнатып, электр шығынын үнемдеу қажеттігі айтылды.

Балық шаруашылығын дамыту, сүтті қайта өңдеу жэне алқаптарда қосымша өнім өсіру шаралары да белгіленді.

Халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатында құрылыс жұмыстары да жоспарланған. Атап айтқанда, биыл 7 мың отбасыға арналған 200 көпқабатты үй салынады, 1,5 мың шақырым жол мен 20 көпір жөнделеді. Бұл салада 20 мың адам жұмыспен қамтылатын болады.

Әлеуметтік саланы дамыту міндеттері де айтылды. Медициналық мекемелер мен жоғары технологиялы хирургиялық қызметтерді көбейтіп, халық денсаулығын жақсарту, техникумдар мен жоғары оқу орындарының студенттерін дуалды біліммен қамту, жастарды жұмыспен қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударылды.

Жиналыста белгіленген іс-шараларды орындау бойынша жауаптылардың ақпараты тыңдалды.

Соң мемлекетіміз басшысы Хорезмдегі “Үргеніш кластерінің” жаңа кәсіпорындарының жұмысымен танысты.

Аталған кластерге бес жыл болған. Бүгінде ол мақта шикізатын өсіруден бастап дайын киім-кешек тігуге дейінгі барлық үдерістерді қамтыған біртұтас “тізбекке” айналған. Жүйе аясында 3 мың адам жұмыспен қамтылған.

Кәсіпкер 8 мың 500 гектар алқапта өсірілген мақтаны 100 пайыз қайта өңдейді. Бұл үшін кластер құрамында мақта тазалау жэне май шығаратын зауыттар бар.

Соңғы күндері кластердің жіп иіру жэне мата тоқу қуаты артты. Қосымша инвестициялар есебінен тағы екі кәсіпорын іске қосылды. Германиядан, Жапониядан жэне Түркиядан заманауи жабдықтар әкелініп орнатылды.

Кәсіпорында оқу-тәжірибе орта-

лығы ұйымдастырылған. Тігіншілер мен дизайнер-мамандар алдымен осында оқытылып, кейін жұмысқа қабылданады.

Осының нәтижесінде өндіріс көлемі айтарлықтай ұлғайды. Жылына 10 мың 800 тонна жіп жэне 3 миллион дана тігін бұйымдарын өндіруге қуаттылық қалыптастырылды.

Президент Шавкат Мирзияев жаңа фабрикаларды аралап, жұмыс барысымен жэне дайын өнімдермен танысты. Тігінші әйелдермен сұхбаттасы. Олардың айлық жалақысы мен еңбек жағдайларына қызығушылық танытты.

Мұнда дайындалған жоғары сапалы киім-кешектің басым бөлігі экспортқа бағытталған. Кәсіпорынның жылдық экспорттық әлеуеті шамамен 28 миллион долларды құрайды.

Өнім түрлері мен сапасын арттырып, экспорт аясын кеңейту, энергия үнемдеу арқылы өнімнің өзіндік құнын төмендету бойынша ұсыныстар берілді.

Мемлекет басшысы Шавкат Мирзияев Үргеніш қаласында бой көтерген Кәсіби дағдылар аймақтық орталығында болды.

Кешен Корея халықаралық ынтымақтастық агенттігі — KOICA-ның 9 миллион долларлық гранты есебінен салынған. Заманауи мамандықтар үшін қажетті құрал-жабдықтар мен симуляциялық құрылғылар орнатылған. Мұнда автомобильдерге техникалық қызмет көрсету, дәнекерлеу, жүк көтергіш техника машинисті, электроника жэне тұрмыстық техника жөндеу, жиназ жасау, шаштараз жэне косметология, мобилграфия, сондай-ақ қонақүй қызметі сияқты 10-нан астам сұранысқа ие мамандыққа оқытылады.

Осы мақсатта шамамен 2 гектар аумақта заманауи оқу корпустары, тәжірибелік сабақтар бөлмелері, 64 орынды жатақхана жэне басқа да көмекші нысандар салынған. Мекеме жылына 300 тыңдаушыны 6 айлық кәсіби даярлық курстарында оқыту мүмкіндігіне ие.

Президент оқу-жаттығу бөлмелерін аралап көрді. Қонақүй саласы

бойынша білім алып жатқан жастармен шынайы сұхбат құрды.

— Үргеніш әуежайын Инчон әуежайымен серіктестікте халықаралық деңгейге шығарамыз. Ірі туристік орталықтар, қонақүйлер салып жатырмыз. Енді шетелдік саяхатшылар көп келуі үшін қызмет те халықаралық деңгейде болуы қажет. Олар тарихымыз бен табиғатымыз үшін келеді, ал сервис жақсы болса, көңілдері толып қайтады. Мұнда көп нәрсе қызмет көрсетушілердің қарым-қатынасына, этикасы мен деңгейіне байланысты. Сондықтан осы мүмкіндікті пайдаланып, мамандықты жақсы меңгеріңдер. Болашақта өздерің де кәсіпкер болуға ұмтылындар, — деді Шавкат Мирзияев.

Орталықта Миграция агенттігі, Кореяның “Hyundai” жэне Германияның “SBH West” компанияларымен ынтымақтастықта электромобильдерге қызмет көрсету мамандығы да жолға қойылған. Бұл ішкі жэне сыртқы еңбек базары талаптарына сай кадрлар даярлауға мүмкіндік береді.

Халықаралық ынтымақтастық кең көлемде жолға қойылған. Ағымдағы жылдың январь айында орталықтың басқарушы қызметкерлері Корея Республикасында 2 апталық оқу курсынан өтіп қайтты. Қазірде бұл елде 20-дан астам оқытушы мен жаттықтырушы өз біліктілігін арттыруда.

Мемлекет басшысы білікті дайындық — өнеркәсіптендіру мен жалпы мемлекет дамуының негізі екенін атап өтті. Тәжірибелі құрал-жабдықтарды тиімді пайдалану, сабақ ауысымдарын орындау ұйымдастырып, жастарды көбірек қамту бойынша тапсырмалар берілді.

Сонымен Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияевтың Хорезм облысына сапары аяқталды.

**З.ЖОНИБЕКОВ,
И.АВВАЛБЕКОВ,
А.ШОКИРОВ,
ӨЗА-ның тілшілері.**

Өзбекстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі суреттері.

ӨЗБЕКСТАН ЖЕТИСТІГІ МОЙЫНДАЛДЫ

Нью-Йорк қаласында өткен БҰҰ Статистика Комиссиясының 2026-2029 жылдарға мүше мемлекеттерді сайлау үдерісін тарихында алғаш рет Өзбекстан аталған органның мүшесі болып бірауыздан сайланды.

Айта кету керек, Статистика Комиссиясы 1947 жылы БҰҰ-ның Экономикалық

жэне Әлеуметтік Кеңесі тарапынан функционалды орган ретінде құрылған. Ол ха-

лықаралық статистика саласының дамуын айқындайтын негізгі үкіметаралық ұйым бо-

лып, әмбебап статистикалық стандарттар мен әдістемелік қағидаларға қатысты жұмыстарды үйлестіреді. Комиссия 24 мемлекеттен тұрады жэне мүшелер әр 4 жыл сайын географиялық бөлініске сәйкес сайланады.

Өзбекстанның осы құрылымға мүше болып сайлануы — Президент басшылығында жүзеге асырылып жатқан кең ауқымды реформалардың халықаралық деңгейде мойындалғанын жэне елдің жаһандық үде-

рістердегі өсіп келе жатқан рөлін білдіреді.

Статистика Комиссиясының толыққанды мүшесі болу Өзбекстанға жаһандық статистикалық саясатты қалыптастыруға қатысу, ұлттық тәжірибе мен реформалар жетістіктерін таныстыру, озық шетелдік тәжірибелерді зерделеу, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықты нығайту үшін кең мүмкіндіктер ашады.

**“Дүне” АА,
Нью-Йорк қаласы.**

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ БАТЫЛ ҚАДАМ

Соңғы жылдары халықаралық аренада әдеттен тыс үдеріс жүріп жатыр. Бұл өлемдік аренада болып жатқан қақтығыстар тізбегі мен жаһандану үдерісінің күшеюімен сипатталуы мүмкін. Осындай қиын-қыстау кезеңде Өзбекстан мен көршілес елдер жүргізіп отырған ашық әрі прагматикалық сыртқы саясат әлем көшбасшыларының назарын аударып келеді. Мұны біз “Орталық Азия+” форматындағы саммиттердің көбейіп келе жатқанынан анық байқадық.

Әрине әлем жұртшылығының назары тағы да Өзбекстанға ауды. Самарқантта “Орталық Азия — Еуропа Одағы” бірінші саммиті өтті. Талдаушылар еліміздегі саммиттің ерекше аспектілеріне назар аударып, бірнеше дәлел келтіреді.

Біріншіден, Өзбекстан бүкіл Орталық Азиямен ортақ шекарасы бар халық мемлекет. Сонымен қатар аймақтағы барлық елдермен берік дипломатиялық қарым-қатынаста.

Екіншіден, Өзбекстан аймақтағы халқы ең көп мемлекет. Мұның өзі бізде ең көп жұмыс күші бар дегенді де білдіреді.

калық құш ретінде ғана емес, сонымен қатар құқықтық, технократиялық және экологиялық стандарттарды белгілейтін жаһандық платформа ретінде де танылды.

Өз кезегінде Өзбекстанның Еуропа Одағымен экономикалық ынтымақтастығы соңғы жылдары айтарлықтай өсуде. Экономикалық зерттеулер және реформалар орталығының мәліметі бойынша, 2017-2024 жылдар аралығында Өзбекстанның Еуроодақ мемлекеттерімен тауар айналымы 2,4 есеге — 2,6 миллиард доллардан 6,4 миллиард долларға дейін өсті. 2024 жылы экспорт көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 26,9 пайызға өсті.

Сондай-ақ елімізде Еуропа капиталының қатысуымен құрылған кәсіпорындардың саны мыңнан асады, инвестициялық жобалардың көлемі 30 миллиард еуроға жетті. Осы сандар Еуропа Одағының Өзбекстанның негізгі серіктесіне айналғанын көрсетеді.

Бұл Самарқант саммитінде инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту және тауар айналымын арттыру, инновациялар, “жасыл” энергетика, тау-кен өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, көлік, логистика және цифрландыру салаларындағы бірлескен

Баламалы энергия: ДАМУ БОЛАШАҚТАРЫ МЕН КЕҢ МҮМКІНДІКТЕР

Ғаламторымыздың халқы жыл сайын өсіп келе жатқанын және экономикалық даму жолында энергияны пайдаланудың күрт артып отырғанын ескерсек, қолданыстағы энергетикалық жүйелер жақын болашақта сұранысты мүлдем қанағаттандыра алмайды. БҰҰ-ның жаһандық энергетикалық бастамасы 2030 жылға қарай үш негізгі мақсатқа қол жеткізуді көздейді: заманауи энергетикалық қызметтерге әмбебап қолжетімділікті қамтамасыз ету, жаһандық энергия тұтынуды 40 пайызға азайту және жаңартылатын энергия көздерінің үлесін 30 пайызға дейін арттыру.

Статистикаға сүйенсек, бүгінде 675 миллион адам электр энергиясы жүйесіне улану мүмкіндігіне ие емес (олардың 80 пайызы Африка елдерінде тұрады). Мамандардың айтуынша, қайта тіктелетін көздерді су, күн, жел энергиясын барлық жерде қолдануға болатынын, сол арқылы бүкіл Жер халқын арзан электр энергиясымен қамтамасыз ететінін атап өтті.

Айта кету керек, қазіргі уақытта көптеген мемлекеттер күн, жел және су энергиясы сияқты қайта тіктелетін көздерді кеңінен пайдалануды мақсат етіп қойды. Бұл тұрақты экономикалық дамуды, энергетикалық қауіпсіздікті және экологиялық тепе-теңдікті сақтауды қамтамасыз ету тұрғысынан электр энергиясын өндірудің тұрақты бағыты болып қала береді.

Осыған қарамастан, бүгінде жаһандық карбонат ангидрид шығындыларының шамамен 90 пайызы көмір, мұнай және газдың үлесіне тура келеді. Қазба отындары әлі де әлемдік электр энергиясын өндіруде басым. Ең бастысы, қайта тіктелетін энергия көздері біздің планетамыздағы электр энергиясының 29 пайызын қамтамасыз етеді.

Әлемнің дамыған мемлекеттерінде қайта тіктелетін энергия көздерін дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Атап айтқанда, 2024 жылы Қытай жаңартылатын энергия көздерін орнату бойынша 2023 жылғы рекордын жаңартты. Мемлекет жалпы энергетикалық балансына шамамен 277 ГВт күн энергиясын және 80 ГВт-қа жуық жел энергиясы қосылды. Биыл тағы 273 ГВт күн және 94 ГВт жел қуатын қосу күтілуде.

Өткен жылдың күзінде жарияланған Халықаралық энергетика агенттігінің “Қайта тіктелетін энергия көздері 2024” есебінде 2024 және 2030 жылдар аралығында дүние жүзінде 5500 ГВт-тан астам қайта тіктелетін энергия қуатын іске қосу жоспарланып отырғаны атап өтілді. Бұл

“жасыл” энергетика саласын дамыту бағытында батыл қадамдар жасалуда. Мамандардың айтуынша, біздің елімізде жаңартылатын энергия көздерін пайдалану әлеуеті 51 миллиард тонна мұнай эквивалентіне тең. Бүгінгі қолда бар технологиялар 180 миллион тонна мұнай эквивалентіне тең энергия өндіруге мүмкіндік береді. Бұл біздің республикада өндірілетін отын көлемінен үш есе көп. Бұл атмосфераға бөлінген 447 миллион тонна қайта тіктелетін көмірқышқыл газының, әртүрлі сульфат қосылыстарының, азот оксидтерінің және басқа да ластануы заттардың бөлінуіне жол бермеу дегенді білдіреді.

2024 жылғы 13 декабрде өткен энергетика саласындағы жаңа қуаттарды іске қосу және кезекті жобалардың құрылысын бастау салтанатында Президент Өзбекстанның соңғы сегіз жылда “жасыл” энергияны өндіру мен пайдалануда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізгенін ерекше атап өтті. Бүгінгі таңда бұл салада қуаттылығы 3,5 мың мегаватт немесе 10 миллиард киловатт-сағат болатын 16 ірі күн және жел электр станциясы іске қосылды, соның есебіне 2024 жылға қарай “жасыл” энергияның үлесі 16 пайызға артады деген сөз. Елімізде 2030 жылға дейін тағы 19 мың мегаватт “жасыл электр қуатын” салып, қайта тіктелетін энергияның үлесін 54 пайызға жеткізу жоспарлануда.

Биылғы жылдың “Қоршаған ортаны қорғау және “жасыл” экономика жылы” деп аталуының өзі де Өзбекстан дамуының жаңа дәуірінде жаңартылатын энергия көздерін тиімді пайдаланып, олардың одан әрі кеңейіп түскенін аңғартады. 2025 жылы қуаттылығы 3,4 мың мегаватт болатын 18 күн және жел электр станциясы, сондай-ақ 1,8 мың мегаватт сақтау жүйесі іске қосылады. Нәтижесінде “жасыл энергия” өндірісінің көлемі 12 миллиард киловатт сағатқа жетеді. Бұл 5 миллион отбасының жылдық тұтынуына тең және 6,5 миллион тонна зиянды газдың атмосфералық таралуының алдын алады деген сөз.

Жалпы, қайта тіктелетін энергия көздері өнеркәсіптік кәсіпорындарды, өндірістік кешендерді, халықты тұрақты энергиямен қамтамасыз етуге, отандастарымыздың әл-ауқатын жақсартуға қызмет етеді.

Б.ПУЛАТОВ,
Олий Мажлис Заң шығару палатасының депутаты,
техника ғылымдарының докторы.

ТУРИЗМДІ ЛОКОМОТИВКЕ АЙНАЛДЫРУ ҚАЖЕТ

Қазіргі таңда әлемнің көптеген елдері, әсіресе Франция, Түркия, Жапония елдері ұлттық экономикасының тірегі ретінде ішкі және сыртқы туризмді дамытуда. Бұл елдердің тәжірибесінде инфрақұрылымды құру ғана емес, әрбір тарихи-мәдени, табиғи ресурсты инвестициялық жобаға айналдыру маңызды орын тұтуда.



Біздің елімізде туризм саласы тек экономикалық өсудің ғана емес, сонымен қатар ел имиджінің, мәдени дипломатияның және өңірлік дамудың маңызды локомотивтерінің біріне айналуда. Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен бейнесекторлар жиналысында өңірлердің туристік әлеуетін арттыру және инвестициялық жобаларды жеделдету қажеттігі жан-жақты талданды.

Атап өткендей, соңғы жылдары туризм саласы экономикамыздың негізгі саласына айналды. Саладағы экспорт көлемі 1,6 есе өсіп, 3,5 миллиард долларға жетті. Сонымен қатар 2 мыңнан

Еуропа стандарттарына сай келетін туристік бағыттарды құруға үлкен қызығушылық танытуда. Бұл, ең алдымен, еліміздегі бизнес орта мен инфрақұрылым сапасының жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетеді.

2040 жылға қарай туризмнің экономикадағы үлесін 7 пайызға, экспортты 10 миллиард долларға жеткізу бойынша стратегиясының қолға алынуы да салаға қаратылған назардың айқын көрінісі.

“Бірыңғай туристік карта” жүйесі, автоматтандырылған есепке алу, қалпына келтіру жұмыстарына халықаралық гранттар тарту сияқты шешімдер халықтың ұлттық байлықтарға деген көзқарасын өзгертуге қызмет етеді.

Өйткені мәдени мұра нысандары тек туристер үшін ғана емес, азаматтардың саяхат арқылы ой-өрісін кеңейтіп, жергілікті туристер ағынын арттыру үшін ашық әрі белсенді кеңістікке айналуы шарт. Отбасылық туризмді ынталандыру мақсатында әр айдың бір сенбі және жексенбісін “Отбасы және жұмыс ұжымының саяхат күні” деп жариялау жоспарлануда және бұл маңызды әрі пайдалы әлеуметтік бастама ретінде бағалау керек.

Жиналыста Президент айтқан тағы бір маңызды мәселе — инвестициялық жобаларды негізсіз сөзіп жіберуге тосқауыл қою, бөлінген қаржыны мекенді әрі орынды жұмсау қажет. Сондай-ақ халықаралық қаржы институттарымен жалпы құны 20 миллиард доллар болатын жобалар бойынша жұмыс жүргізіліп жатқаны хабарланды. Осы жылдың соңына дейін 4,5 миллиард доллардың жұмысы аяқталуы тиіс,

ҚАУЛЫ ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 12 декабрьдегі “Науаи облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша қосымша іс-шаралар туралы” қаулысы қабылданған болатын. Аталмыш нормативтегі негізгі экономикалық көрсеткіштерді қамтамасыз ету бойынша аудан әкімдігі нақты шараларды атқарды.

Өткен жылдың жыл барысында ауданда өнеркәсіп өнімдерін өндіру көлемі 81,7 миллиард сумды құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 109,7 пайызға; ауыл және орман шаруашылығы бойынша көлемі 597,0 миллиард сумды құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 110,3 пайызға; құрылыс жұмыстарының көлемі 1403,9 миллиард сумды құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,5 есеге артты. Бөлшек тауар айналымының көлемі 122,0 миллиард сумды құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 105,7 пайызға, қызметтер көлемі

166,6 миллиард сумды құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 111,9 пайызға орындалды.

2025 жылдың январь-февраль айларында өнеркәсіп өнімдерін өндіру көлемі 9,1 миллиард сумды құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 102,3 пайызға, құрылыс жұмыстарының көлемі 188,5 миллиард сумды құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 269,4 пайызға, бөлшек тауар айналымының көлемі 9,3 миллиард сумды құрады, өткен жылдың сәйкесінше кезеңіне қарағанда 106,0 пайызға, қызмет көрсету көлемі өткен жылдың сәйкес

мыту үшін аумақтық инвестициялық бағдарламаға барлығы 37 жобаны жүзеге асыру есебінен 206,7 миллиард сум, қаражат (соның ішінде өз қаражаты есебінен 188,95 миллиард сум, коммерциялық банктірінің несие қаражаты есебінен 17,75 миллиард сум) жұмсалуды нәтижесінде 245 жаңа жұмыс орындарын құру көзделген болатын. Бүгінгі таңда бағдарламаға енгізілген 37 жобаны іске қосу бойынша барлық келісімдер орындалып, желілік кестелер бекітілді.

2025 жылы экспорт болжамы 1,5 миллион долларды құрайды, барлығы өнеркәсіп өнімдерінің экспортына сәйкес келеді. Атап айтқанда, I-тоқсанда орындалу жоспары 380,0 мың АҚШ доллары болып белгіленіп, бүгінгі күнге 552,0 мың АҚШ доллары 145 пайызбен орындалды.

Ауданда 2025 жылы 175,0 миллион доллар тікелей шетелдік инвестиция мен несиелерді игеру белгіленіп, бүгінде “JI LONG WIND POWER” жауапкершілігі шектелген қоғамы жеке кәсіпорны тарапынан 4,0 мил-

лион доллар тікелей шетелдік инвестиция тартылды.

Сондай-ақ 2025-2026 жылдары жүзеге асырылатын жобалардың басшыларымен келіссөздер жүргізіліп, жылдық жоспарлар келісілді. Мысалы, кәсіпорындар бойынша талдасак, “AURUM GLOBAL GROUP” жауапкершілігі шектелген қоғамы алтын кендерін өндіру және қайта өңдеу жобасы үшін 50,0 миллион АҚШ доллары және “NAVOI AGROFOS” жауапкершілігі шектелген қоғамы жеке серіктестігі фосфорит рудаларын өндіру және қайта өңдеу жобасы үшін 20,0 миллион АҚШ доллары және 5 болашағы зор жобалар Тамды ауданындағы табиғи жерасты қазба байлықтарын пайдаланып, шетелдік серіктестерді тарту арқылы 105,0 миллион АҚШ доллары, жалпы 175,0 миллион АҚШ доллары көлеміндегі тікелей шетелдік инвестицияларды игеру белгіленіп, жылдық жоспар 100,0 пайызға орындалуы жоспар ретінде белгіленді.

О.УМАРОВ,
аудан әкімі, халық депутаттары аудандық Кеңеске “Шарқ” сайлау округінен сайланған депутат.

Өркендеудің өзегі

ҚОҒАМ ДАМУЫНА ӘЙЕЛДЕРДІҢ БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСУЫ

Кез келген қоғамның дамуы әйел мәртебесінің көтерілуімен тікелей байланысты. “Ана — өмірдің шырағы, әйел — елдің шырағы” деген тәмсілдің төркіні тереңде жатыр. Міне, осыны жете түсінген еліміз де әйелдердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға, олардың кәсіпкерлік бастамаларына жан-жақты қолдау көрсетуге ерекше мән беруде.

Бүгінде осы бағыттағы нақты істердің жарқын көрінісі ретінде Өзбекстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары, Отбасы және әйелдер істері бойынша комитеттің төрайымы З.Махкамованың Бөке ауданына жасаған жұмыс сапарын айтуға болады. Онымен Ташкент облысы әкімінің орынбасары Н.Нормирзаева, аудан әкімі Б.Бегматов, тағы басқа да жауапты тұлғалар бірге аудандағы әйелдердің тұрмыс-тіршілігімен, олардың кәсіпкерлік жолындағы талпыныстарымен танысты.

“Еңбексіз күн — дәмсіз нан”, — демекші, әйелдер қауымының үйде отырып-ақ табыс тауып, отбасына сүйеу боларлықтай іс бастауы — қолдауға тұрарлық бастама. Осы орайда “Жағалбайлы” махалласындағы С.Тошматованың Түркия-ның “ONIES” компаниясының басшысы Шанурханыммен бірігіп, лаванда өсіру жобасы ерекше назар аудартты. Лаванда — тек хош иісті гүл ғана емес, ол — медицина, косметология мен тұрмыста кеңінен қолданылатын өсімдік. Жоба жетекшілері бұл істің тиімділігі мен пайдасы туралы егжей-тегжейлі баяндап берді.

“Шебердің қолы ортақ” демекші, әр ісі өнеге болар тағы бір нәзік жан — “Шолабат” махалласының тұрғыны Ф.Зокирова қамыстан бұйым токумен және “Сейхунабат” тәжірибесі негізінде есік алды жерді тиімді пайлануда. Ол көне кәсіпті жаңғыртумен қатар заман талабын да ұмытпай, күнкеріс көзіне айналдырып отырған жанның еңбегі қуантпай қоймайды. Ал М.Зокирова сүт өнімдерін қайта өңдеу арқылы үйден кішігірім өндіріс ошағын қалыптастырып, өз отбасын ғана емес, көршілерін де жұмыспен қамтып отыр. Мұндай бастамалар ауыл шаруашылығына тың серпін берері сөзсіз.

Кездесу барысында биылғы — 2025 жылғы жібек құртын бағу науқанына дайындық барысы да сөз болды. З.Махмамова бұл саланың ауылдық жерлердегі әйелдер үшін табыс көзіне айналғанын атап өтіп, жібек өсірушілерге жасалатын жеңілдіктер мен қолдайлылықтар жайлы ақпарат берді. “Жердің берекесі — егінде, тірліктің берекесі — бірлікте” демекші, бұл істе де елдің ұйымшылдығы мен еңбексүйгіштігі маңызды рөл атқарады.

Сапар соңында Премьер-министрдің орынбасары қазіргі



таңда әйелдердің жұмыспен қамтылуы, кәсіп ашуға деген ынтысын қолдап-қуаттау бағытында жасалып жатқан игі істерді атап өтіп, мемлекет әрдайым бастамашыл жандардың жанынан табылатынын жеткізді. Шынында да, әйелдерге беріліп отырған осындай мүмкіндік — ертенгі жарқын күннің кепілі.

Қоғамның дамуы мен өркендеуі әйелдердің белсенділігіне, олардың өмірдің түрлі салаларына қатысуына тығыз байланысты. Бүгінгі таңда Орталық Азия аймағында, соның ішінде Өзбекстанда әйел мәртебесін арттыру, олардың кәсіпкерлікке бет бұруына мүмкіндік жасау, қоғамдағы орнын айқындау — мемлекеттік деңгейдегі маңыз-

ды бағыттардың біріне айналды.

Бөке ауданына жұмыс сапары барысында көз жеткен бір жайт, бұл тек ресми сапар емес, ел ішіндегі нақты өзгерістердің, оң сілкіністердің көрінісі. Әйелдердің қолынан келмейтін іс жоқ. Бірі — гүл егеді, бірі — сүт өңдейді, енді бірі — қамыстан өнер туындысын тоқиды. Бұның бәрі — жан бағыстың қамы ғана емес, ауыл экономикасының, ел тынысының алтын арқауы.

Мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдаулар, жеңілдіктер мен кәсіп бастауға бағытталған бағдарламалар — бүгінгің ғана емес, болашақтың кепілі. Өйткені “Бесік тербеткен әйел — ел тербетеді”, — дейді дана халқымыз. Әйелдің қолын кәсіпке, ниетін іске бұру — тұтас елдің тіршілігін түлетеді.

Сондықтан мұндай кездесулер, қолдау шаралары мен игі бастамалар бір реттік акция емес, жүйелі үрдіске айналуы тиіс. Әйелдің әлеуетін ашу — ауылдың, ал ауыл — мемлекеттің тірегі екенін ұмытпауымыз қажет. Қазіргі таңда ауылдағы әрбір үй кәсіптің ордасына айналса, әрбір ана — отбасының ғана емес, елдің де тірегі болып отыр.

Осы ретте З.Махкамова бастаған үкімет өкілдерінің жұмысы — жай іссапар ғана емес, елге деген жанажырлықтың, қоғамға деген шынайы жанкыярлықтың белгісі. “Ел болам десен, бесігіңді түзе” деген даналық сөз бүгінгі күннің өзегіне айналғандай.

Үсенбай БАТЫРБЕКОВ,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

сәттер, жүрек тербетер қуаныштар осындай тауындайды.

София тек диплом мен кубок ғана емес, планшет, ұялы телефон, ноутбук сынды сыйлықтарға да ие болды. Дубайда өткізген бес күннің ішінде ол Абу-Даби қаласындағы Президент сарайын, Болашақ мұражайын, Шейх Заид мешітін, әлемдегі ең биік ғимарат — Бурдж Халифаны және өзге де көрікті жерлерді аралап, көп әсер алды. Бұл — жас өрен үшін ұмытылмас сапар, өмірлік естелік болары сөзсіз.

Жеңістен оралған соң, Софияның ата-анасы Бинаваш көшесінің тұрғындарын шақырып, үлкен мереке ұйымдастырды. Софияны құттықтауға көршілер, достар, аудан белсенділері мен балалар жиналып, мәре-сәре болды. Бұл күні оған жүздеген құттықтау мен тілектер арналды — әрқайсысы үміт пен сүйіспеншілікке толы.

Кім біледі, бәлкім келешекте математиканың көк аспанында “София” есімді жана жұлдыз жарқырап жанар. Оның жарқын болашағына деген сенім мол. Себебі, София — жігердің, еңбек-қорлықтың және рухтың рәмізі. Оның жеңісі — бүкіл жас ұрпаққа жол нұсқайтын бағдаршам іспетті.

Иә, жастар — еліміздің болашағы. Ал София Тоиржанова — сол болашақтың шынайы бейнесі.

Айдана МЕДЕНОВА,
“Нұрлы жолдың”
меншікті тілшісі.

Жеңіс

ЖАСТАР – ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ

Қазіргі таңда ұлттың келешегі – білімді, қабілетті, талапты жастардың қолында екені баршаға аян. Осындай болашақтың жарқын бейнесін көз алдымызға әкелетін оқиғалар сирек емес. Солардың бірі – жас өрен София Тоиржанованың халықаралық деңгейде қол жеткізген ірі жетістігі. Бұл жеңіс – тек бір отбасының емес, тұтас бір ұлттың, елдің мақтанышы.

Біріккен Араб Әмірліктерінің көрікті қаласы — Дубайда өткен халықаралық менталдық арифметика олимпиадасында алты жасар София Тоиржанова топ жарып, бірінші орынды қанжығасына байлады. Бұл еліміз үшін үлкен қуаныш, жас буын үшін үлкен шабыт көзі. Гүлстан қаласындағы “Нихол” жекеменшік балабақшасының тәрбиеленушісі атанған София — бүгінде ел назарындағы жарық жұлдызға айналып үлгерді.

Аталмыш олимпиадаға елеменің он екі елінен 200-ден астам бала қатысып, әрқайсысы өз елінің намысын қорғап келді. Дегенмен, олардың арасынан дараланып, алты жас санатында бірінші орынды иеленген Софияның жеңісі —

табаңдылық пен жүйелі еңбектің нәтижесі.

Бұл халықаралық додада Софиямен бірге тағы үш жерлесіміз де бақ сынап, зор жетістіктерге жетті. Гүлстан қаласындағы №11 мектептің 4-сынып оқушысы Камола Афрузова, №31 мектептің 2-сынып оқушысы Эзоза Әгамқұлова және “Интеллект” балабақшасының тәрбиеленушісі Камола Мухаммадрахимова да жүлделі орындардан көрінді. Камола мен Эзоза “супер чемпион” атанып, абсолютті жеңімпаз мәртебесіне ие болды. Бұл жетістіктер — тек балалардың ғана емес, олардың ата-аналары мен ұстаздарының да жемісі.

Жасыл аумақ

Мемлекет басшысының арнайы өкімімен 2025 жылдың март-апрель айларында махаллаларды абаттандыру және көгалдандыру бойынша “Маңызды бір айлық” айлығы жарияланған болатын. Соған орай Ортажаршық ауданының аумағында орналасқан “Көк бұлақ” ата зиярат орнында “Жасыл аумақ” жалпыұлттық жобасы аясында асар өткізілді. Онда 100-ден астам сәндік ағаш көшеті отырғызылып, ағарту саябағы құрылды.

КӨК БҰЛАҚТАҒЫ САЯБАҚ

Асар жұмыстары Республикалық Руханият және ағарту орталығы, орталықтың Ташкент облыстық бөлімі, сондай-ақ “Ағарту” насихаттаушылары қоғамы тарапынан ұйымдастырылды.

— Ағаш отырғызып, бау-бақша құру бізге ата-баба дәстүрінен қалған мұра, — дейді Республикалық Руханият және ағарту орталығының Жоғарышырышқ аудандық бөлімінің басшысы, халық депутаттары аудандық кеңесінің депутаты Шахло Шойимова. — Бүгін бір топ руханиятшылар және “Ағарту” насихаттаушыларының мүшелері келіп, ықшам саябақ құруды өз алдымызға мақсат етіп, сауапты жұмысты қолға алдық. Ташкенттен келген шығармагерлер Рустам Мусурмон, Бобур Бобомурод, Дилшод Ражаб,

Тұлқин Эшбек, Шахло Ахророва, тағы басқалармен бірге көшет отырғызғанымызға қуаныштымыз. Жылдар өтіп, біз еккен осы көшеттер биік ағаш бол өсетініне сенімдіміз.

Иә, “Жасыл аумақ” жалпыұлттық жобасы бір жылдық шара емес, болашақ үшін жалғасымды іс-әрекет саналады. Осы жалпыұлттық жоба ауылдардың, махаллалардың көркіне көрік қосатын, жасыл аумақтардың құрылуына түрткі беруімен қатар, республика климатын қалыпты сақтауда, табиғатты қорғауда, сондай-ақ тұрғындардың денсаулығын жақсартуда, бұлардың нәтижесінде халықтың өркеніетін қамтамасыз етуде зор маңызға ие.

Латиф МАНСУР

Конференция

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Қарақалпақстан Республикасының Нөкіс қаласында “Арал туризмі” халықаралық апталығы аясында “Арал өңірі — ізгі ниет елшілері” тақырыбында халықаралық конференция өтті.

Оған Экология, қоршаған ортаны қорғау және климаттың өзгеруі министрлігі, Қарақалпақстан Республикасы Министрлер Кеңесі, Бас прокуратура, Туризм комитеті, сондай-ақ шетелдік және жергілікті сарапшылар, білім беру мекемелері мен экологиялық институттардың өкілдері қатысты.

Шарада сөз сөйлегендер Аралбойы аумағында “жасыл кеңістіктер” жасыл қорғандар құру бойынша жүзеге асырылып жатқан ауқымды жұмыстарға ерекше назар аударды.

2018 жылдың декабрінен бастап құрғап қалған Арал теңізінің түбіне сексеуіл және басқа да шөл өсімдіктерінің тұқымдары мен көшеттерін отырғызу жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, 2018-2024 жылдар аралығында 1,8 миллион гектардан астам аумақта жана орман алқаптары құрылды және бұл үдерісте 7 мың тоннадан астам тұқым жерге себілді. Бұл экологиялық жоба жыл сайын жоғары ұйымшылдықпен жалғасуда.

Мамандар Арал проблемасының салда-

рын жұмсартуға, халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға, биологиялық саналуандылықты қалпына келтіруге, тұздану үдерістерін азайтуға және шөлейттенудің алдын алуға бағытталған халықаралық және ұлттық бағдарламаларды талқылады.

Сонымен қатар климаттың өзгеруіне бейімделу, білім беру жүйесінде экологиялық білімді нығайту, білікті кадрларды даярлау мәселелері де өзекті тақырыптар ретінде күн тәртібінен орын алды. Атап айтқанда, жастар арасында экологиялық сана мен мәдениетті қалыптастыруға қатысты ұсыныстар мен бастамалар ерекше атап өтілді.

Конференция Аралбойында тұрақты дамуды қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау және халандық экологиялық проблемаларға баршаның назарын аударуда маңызды платформаға айналды.

Тілеухан ШӘМЕКОВА,
“Нұрлы жолдың”
меншікті тілшісі.

Ел жаңалығы

ӨЗБЕКСТАНДА ЭЛЕКТРСКУТЕРЛЕР ШЫҒАРЫЛАДЫ

Өзбекстан елшісі Каромиддин Гадов Малаязияның “Pro Events and Marketing Sdn Bhd” компаниясының басқарушы директоры Элайне Тхаммен кездесті. “Дуне” АА-ның хабарлауынша, кездесуде Малаязия тарапы Өзбекстанда электр скутерлерін (3 және 4 доңғалақты ықшам электромобиль) шығару жобасын жүзеге асыру мүмкіндіктерін қарастырып жатқанын хабарлады. “Алғашқы есеп-қисаптар негізінде жылдық өндіріс көлемі 5 мың скутер болады деп күтілуде. Кейіншелік Орталық Азия елдеріне экспорттық әлеуетті ескеріп, оны 10 мыңға дейін жеткізу мүмкіндігі бар. Скутерлер шығаруды жергіліктендіру Өзбекстандағы халыққа жеткізу қызметінің сапасын одан әрі арттыруға қызмет етеді”, — дейді компания басқару директоры Элайне Тхам. Сондай-ақ шетел тарапы елімізде денсаулық сақтау саласында жасанды интеллект көмегімен адамдарға медициналық диагностика жүргізуге арналған бағдарламалық қамтуды енгізу бойынша ынтымақтастыққа дайын екенін білдірді. Кездесу соңында аталған жобаларды жүзеге асыру болашақтарын зерделеу үшін компания басшылығының Өзбекстанға іскерлік миссиясын ұйымдастыруға келісілді.

МАҚСАТТЫ ҚОР ҚҰРЫЛДЫ

Министрлер Кабинетінің “Кембағалдықты қысқарту мемлекеттік мақсатты қорының қызметін ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар туралы” қаулысы (158-санды, 11.03.2025 ж.) қабылданды. Қаулыға орай, төмендегі ережелер бекітілді:

Кембағалдықты қысқарту мемлекеттік мақсатты қоры туралы; Кембағалдықты қысқарту мемлекеттік мақсатты қоры қаржылары есебінен субсидияларды, гранттарды және ссудалар бөлу тәртібі туралы. Қордың негізгі мақсаты — “Аз қамтылған отбасылар реестріне” енгізілген отбасы мүшелерін жұмысқа орналасуға және кәсіпкерлікті дамытуға мүмкіндік береді. Осы мақсатта аталған тұлғаларға және олардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге көмектесетін заңды және жеке тұлғаларға субсидиялар, гранттар мен ссудалар бөлу қарастырылуда.

2025 жылдың 1 октябрінен бастап Қор қаржылары есебінен азаматтарға нақтылай ақша түрінде берілмейтін субсидиялар, гранттар мен ссудалар кезең-кезеңімен әлеуметтік карта арқылы ұсынылады. Ережеге сәйкес, жеңіл конструкциялы жылыжайларды орнатуға, суару техникасын, тұқым және жанармай сатып алуға субсидиялар “Қор-ұйым-өтініш беруші” арасында жасалған екіжақты келісімдер негізінде бөлінеді. Бұл ретте, халыққа субсидиялар мыналарға бөлінеді: Жеңіл конструкциялы жылыжайларын орнату үшін — ЕЕМ-ның 30 есесіне дейін; Суару құралдарын сатып алу үшін — ЕЕМ-ның 10 есесіне дейін; Тұқым мен жанармай сатып алу үшін — ЕЕМ-ның 3 есесіне дейін.

Өтініш беруші субсидия алуға өзінің тұрақты тұрғылықты жері бойынша бақылаудан қала әкімінің көмекшісі немесе БИМҚП (бір кеңсе) орталығына және “Онлайн махалла” электронды платформасы арқылы өтініш бере алады.

ҰЛТТЫҚ БРЕНДТЕГІ ТРАКТОРЛАР

Облыс әкімі Хайрулло Бозоров қытайлық инвестор Юань Янпин басшылығындағы делегация мүшелерін қабылдады. Кездесуде Қуvasай қаласындағы өнеркәсіп аймағында жалпы жобалық құны 100 миллион долларды құрайтын, бірінші кезеңде 30 миллион доллар жұмсалуды көзделген трактор өндірісі жобасын бастау мәселесі талқыланды. Қытайлық серіктестермен Ферғана трактор шығаратын кәсіпорынының тізімінен өткізіледі. Үстіміздегі жылдың соңына дейін “Тулпор” ұлттық брендпен бірнеше маркалы тракторлар шығарылады. Кәсіпорынының төбесіне қуаттылығы 2 мегаватт электр энергиясын өндіретін күн батареялары орнатылып, тәуелсіз электр қуатымен өзін-өзі қамтамасыз ететін болады.

Екі кезеңнен тұратын жобаға сәйкес, бірінші кезеңде трактор шығаратын зауыт құрылады, келесі кезеңде қосалқы бөлшектерді шығару және техникалық қызмет көрсету жұмыстары жүргізіледі. Өндіріс тиімділігін арттыру және өнім сапасын жақсарту мақсатында Smart технологияларын пайдаланылады. Тракторлар жергілікті және шетелдік сатып алушыларға жеткізіледі. Бастапқы кезеңде 250 жұмыс орнын ашу жоспарлануда.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ЖҮЙЕСІ ЖАҚСАРТЫЛМАҚ

Еуропа тіктелу және даму банкімен ынтымақтастықта Наманган және Нөкіс қалаларының қоғамдық көлік жүйесі жетілдіріледі. Көлік министрлігінің хабарлауынша, еліміздің қалалары мен аудандарын экологиялық таза қоғамдық көліктермен толық қамтамасыз ету, атап айтқанда, Наманган және Нөкіс қалаларының қоғамдық көлік жүйесін жақсарту және халыққа қолайлы жолашуы тасымалдау қызметін жарату мақсатында Еуропа тіктелу және даму банкімен бірлесіп ірі жоба қолға алынуда.

ЕТДБ тарапынан қаржыландырылатын жоба қоғамдық көлік жүйесін халықаралық талаптарға сай жаңғыртуды көздейді. Жоба асында заманауи жылжымалы құрамды сатып алуды және электрлі автобус паркін (депо) құруды көздейді. Ұлыбританияның “Аткинс” компаниясы жобаның техникалық-экономикалық негіздерін әзірлейді.

ЕТДБ-ның Азия аймағындағы өкілі Надежда Ключникова бастаған жұмысшы топ Наманган қаласының әкімі Анваржон Отаходжаевпен кездесуінде жобаның іс жүзіндік қадамдарын талқылады. (Өз тілшімізден.)

(Жалғасы.
Басы өткен санда.)

Қапты да толтыруға айналдық. Шешем оқтын-оқтын бойын жазып, терістікке көз қиығын салып та қояды. Ештенкені елемегендей, қайта тере бастадық. Қайта әңгімесін сабақтап, кейде күрсініп те қояды. Шешемнің тым әңгімешіл екенін, дәл осы жолы ғана анық байқадым.

Арадан біраз уақыт өтер өткеннен соң, терістік жатқан, өркештеніп жатқан төбешіктен, сабаудай үш аттылы тура бізге қарай бет түзеді. Оларды көрген шешем байғұс ыңғайсыздана, кескіні қуанық тартып, анадай жерде тезек теріп жүрген маған;

— Патимаш, берірек келші, Мына біреулердің жүрісі тым жаман, ыңғайсыздау екен, деп қалды.

Анашымның айтуы мұн-ақ екен, үш аттылы атылған оқтай бізге жақын-дап келді де, келе шешеме тігіле:

— Әй қатын! Қызыңды бер! Әйтпесе, өлесің! — деді, шойтымдай жалпақ бет қара жігіт — Ерәлі. Аты ой-накшып, бір жерде тұрар емес. Оны бұрыннан білетімін. Беркімбай шалдың ананы әпкел, мынаны әпкел дейтін шабарманы.

Әдеміше келген, үп-ұзын қос бұры-

мым арқамды ғана жабады. Соны орап ұстаған бойда, баяғы жалпақ бет, шойтым қара жігіт шешеме қамшысын үйіре түсіп;

— Кәне, қызыңды бересің бе? Жок, бермейсің бе? Әй, тілін кесіл-гір-ау. Неге, үндемейсің? Айт деймін, айт деймін! — деп, атын тебіне, омыраулай түсті.

Шешем бейшара, шыр-пыр бола бастады. Еңірегенде, етегі толып:

— Жалғыз қызым үшін жаным са-дака. Не қылсаңдар да, бере алмай-мын? — деп, жылап-еңреп, бөліп-бөліп айтқан сөзіне, құлақ асар ол жок.

Оны есіткен жалпақ бет, шойтым қара Ерәлі:

— Қап! Мына, қаншықтың кесірлі-гін-ай! Мен сенен сұрап тұрмын?” — деп, ат баурына алып, сүйрете-мүйрете, мені үш айналдырады да, шешемді қамшының астына, алды-ай кеп, алды-ай кеп. Оған қарсылық етуге ұмтылған мені, тарамыстай тырысқан, арық қара жігіт — Жарыл-

қасын, қапсыра құшақтап, ешқайда жіберетін емес.

Ашу көрнеген мен, оның қолынан тістеп, бірден үзіп алдым. Сол кезде жалпақ бет, шойтым қара жігіт Ерәлі атын тебіне, жаныма келді де, лақша алдына өңгеріп алды. Шешем байғұс, талып жығылған бойда, сол сокқыдан, арадан бір жарым ай өткеннен соң қаза болды.

Содан, жалпақ бет, шойтым қара жігіт, қара кер атына мені өңгерген бойда, күн бата, Беркімбай шалдың аулына әкелді де, сылқ еткізіп жерге тастай салды. Жерде сулық түсіп жатқан мені, ауыл әйелдері бетіме су бүркіп, жуқылап жүріп, орнымнан әрең тұрғызыпты. Үйге кіргізіп, ұрын-ған денемді Беркімбай шалдың әйелдері әбден ысқылап жүріп, әрең жазып алыпты.

Сол үйге барған соң, бес күннен кейін, Беркімбай шалға некемді қиып, үшінші әйел етіп қосты. Әрі-бері, бұлқынсам да болмады. Қолдан келер, дәрмен жоқ. Амалсыз

көндім.

Сол кезде жасым, нақ он бесте болатын. Жылап сықтаумен, талай күндер мен талай түндерді ұйқысыз өткердім. Бірнеше рет қаштым да, болмады. Есер Беркімбай шал өлтіре ұрып, сілейтіп те тастады. Талай рет таяғын жеп, талып та жаттым.

Солай, азап тартып жүргенімде, әкем байғұсты да “халық жауы” етіп, абактыға жауыпты. Сібірге сүргін жасапты. Әкем де ол жерден тірі оралмады. Тек, жетпісінші жылдардың орта шенінде ғана ақталғаны жайлы “ақ қағазын” алдым.

Әлігі, есер көңіл Беркінбай шал да жетпісінші жылдың бас кезінде о дүниеге аттанды. Ақ жуып, арулап көмдік. Одан мен екі бала, үш қыз көрдім. Екі бала мен үш қызды да жер қойнына бердік. Жалпы, алты перзент көрдім.

Міне, қалқаларым! Біздің жастық, балалық шағымыз дәл осылай, аса ауыр да аянышты өтті. Сол ауыр азаптар, сол зорлық-зомбылықтар,

қайғы-қасіреттер, күй болып күмбір-леді де, бүкіл өн бойымда ән болып шырқалды. Іштей жылап, еңіреп жүріп, күймен күйзеліп, ән мен сырластым.

Содан да болар, қолыма домбыраны алып, күй тартсам, зарлана ән шырқасам, өткен өмірім еске түседі. Қатты қиналып, қайғырам. Зарлы күйлерім мен шерлі әндерім, термелерім, ғұмыр бойы мені тебірентіп, ұзақ жасауыма мүмкіндік берді. Бол-маса мен әлдеқашан-ақ, арғы дүниелік болар-ем — деп, ауыр күрсінді де, ұзақ ойға шомып отырды.

Онан соң, сөзін жалғастыра түсіп:

— Міне, қандай тамаша! Жана заман, жаңа әлем. Бақытты халқым! Отан-ана. “Оттан-оттан да ыстық” — деген, сөз бар халықта. Бұл Отан алдында, бәрің де қарыздарсыңдар! Осы Отанды аялап, оның нағыз ұлдары мен қыздары бола біліңдер! Алла, сендерге оп-оңай бостандық бере салды. Ешкімге қарам, тәу-лелді емессіңдер.

— Мұны біз қанша жыл армен ет-тік. Ал сендер, өз тағдырларыңды өздерің шешіп жатырсыңдар. Енді міне, арқа-жарқа өмір кешіп жатырсыңдар. Бұдан артық, сендерге не керек? Жасаңдар, өз ұрпақтарым! Жасаңдар, жас ұрпақтарым! Өз сондарына, өшпес мәңгілік із қалдыруға, ұмтылыңыздар! — деп, талдырмаштай ашан денесін, еркін ұстады да, қолындағы, үкілі домбырасын, қайта қолына алып, нәп-нәзік саусақтарымен шертіп-шертіп жіберді.

Соныра, Құрманғазының “Сары арқа”, “Адай” күйлерін, қиықылжыта тартып, жөңкіле жөнелгенді. Жиылған жұртшылық та: — “Бәллі апай, бәллі. Жүзбен жүздесіңіз” — деп, жатты.

Сонда ғана, таң қылаңдап ата түсті. Домбыра әуені мен араласып атқан таң, құлаққа жайлы тие бастады. Терезе форточкасынан ескен салқын самал жай ғана жаңға жайлы тигендей. Отырған жұртшылық та серпілте түсті.

— Тәуелсіздік таны, арайлап ата берсін! — деген, үлкен үмітпен келген жұртшылық та үйді-үйіне тарай бастады. “Қайыр қож, аман болыңдар!” — деген қарт әженің батасы жұртшылықтың бәріне жұғысты бол-сын!

Қалдыбек СЕЙДАНОВ

ЖАҚСЫДАН БАҚ ҚАЛАР

Адамның өмірі жасаған жылдарымен емес, керісінше басып өткен өнегелі еңбек жолымен, артқа қалдырған игі істерімен өлшенетіні ақиқат. Өйткені өмірде таңдаған жол мен атқарған қызмет адам өмірінің босқа өтпегенінің дәлелі. Кейінгі буын өкілдеріне үлгі етерліктей өнеге болатыны сөзсіз.

Жуырда “Тафаккур қаноти” баспасында “Шидадтли хаёт йули” (Қарқынды өмір жолы) атты кітап жарық көрді. Өзбек-қазақ тілінде жарық көрген бұл кітап кәсіпкер-басшы, небары 49 жыл өмір сүрген Сәлім Балғабаевтың қысқа болса да мазмұнға толы өмір жолы мен жадына арналады.

Сәлім Балғабаев үлгілі әулеттің ұрпағы болып, 1975 жылдың 23 мартында Жаңаоқ ауданындағы Елібай ауылында дүниеге келген. Он жылдық мектепті аяқтағаннан соң, Ташкенттегі құқықтану техникумында, кейіннен Мәскеу мемлекеттік университетінің құқықтану факультетінде білім алған. Өзінің бастапқы еңбек жолын аудандағы мемлекеттік салық инспекциясында бастаған. Өзінің жұмысқа жауапкершілігімен және білімінің арқасында көптің назарына түсті. 2001 жылдан атасы Өрісбай Балғабаев атты шіркет шаруашылығы басқаруының төрағасы, 2006-2021 жылдарда “Ө.Балғабаев Агроплюс” агрофирмасына басшылық етті.

Басшылық негізінде ауыл шару-

ашылығы саласын жақсы үйренді.

Айта кетерлік жайт, елімізде егемендік жылдарында жеке бизнес пен кәсіпкерлікке баса назар аударылып, мемлекет басшысы тарапынан кәсіпкерлік субъектілеріне шаруашылықты жүргізу үшін мүмкіндіктер жасала бастады. Осындай мүмкіндіктер де жас маманның кәсіпкерлікке бет бұруына себеп болды. Яғни 2012 жылы “Өлмес” фермерлік шаруашылығын құрды. Бұл Сәлім Балғабаевтың кәсіпкер жекеменшік иесі ретінде ауданға, елге танымал болуына түрткі болды. Мұнымен ғана шектеліп қоймай, жанкүйерлігі мен кішіпейілділігінің арқасында Жаңаоқ аудандық кеңесіне депутат етіп сайланды. Депутат ретінде туып-өскен “Дустлик” махалла азаматтар жиынына, тағы басқа да махаллаларды абаттандыру, көгалдандыру істеріне есепті үлес қосты. Табысы аз отбасыларға жәрдем беру сынды мейірімділік пен қайырымдылық істері де көп болды.

Сондай-ақ кітапта Сәлім Балғабаевтың өнегелі өмір жолы Абдулла Арипов, Мухаммад Юсуф сынды



ақындардың өлеңдерінен алынған үзінділермен мысалдар келтірілген.

Ал кітаптың екінші қазақ тілінде жарық көрген бетінде Сәлім Балғабаевтың өмір жолының қысқа баяны, сондай-ақ бүгінде елімізде жасап, шығармашылықпен айналысып жүрген қазақ ақын-жазушыларының, басқа да бір топ қазақ зиялы қауымы мен белсенділерінің өмірі мен шығармашылығынан үзінділер берілген.

Жалпы бұл “Қарқынды өмір жолы” атты бұл кітап жоғарыда айтқандай, Сәлім Балғабаевтың өшпес жадына арналған. Бастысы, оның оқуға, білім алуға, еңбек етуге талабының жоғарылығы қашанда өсіп келе жатқан жас ұрпақ үшін өнеге. Ал жасаған қайырымдылық істері бүкіл адам баласына үлгі боларлық жайт.



ғыс ардагерін жанұяда жылдар барысындағы перзентсіздік те қақтыта алған жоқ. Ол зейнет жасына дейін Жаңақолдағы май комбина-тында, консерві, биохимия зауыттарында жұмыс істеді. Адалдықпен және белсенділікпен өткен өңбегі бағаланып, 1974 жылы “Құрмет белгісі” орденімен марапатталды. Бірақ Құдай қосқан қосағының қаза табуы ата үшін ауыр соққы болды.

Талай қиын-қыстау заманнан аман қалып, өмірдің бар қиындығын жеңіп келе жатқан Нодир атаға бүгінде туған-туыстарының мейірімі мен көмегі қолқанат болуда. Көне ауыл перзенті Нодир ата Мансуров қазіргі күнде өмірдің 100 көктемін қарсы алды. Соғыс ардагері, ғасырмен жүздескен тұлға қашанда егеменді елде қадірленіп, құрметтеліп жатқанын мақтан етеді.

Жүсіп МАМАДИЯРОВ

Жоғары оқу орындарында

АБАЙ ЖӘНЕ ШЫҒЫС РЕНЕССАНСЫ

Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университеті “Қазақ тілі мен әдебиеті” кафедрасының бастамасы және ұйымдастыруымен “Абай және Шығыс ренессансы” тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Шараға Мектепке дейінгі және мектепте білім беру министрлігінің өкілдері, сондай-ақ еліміздегі және Қазақстаннан келген белгілі ғалымдар, Абайтанушылар мен жас зерттеушілер, студент жастар қатысты.



Ең алдымен, конференцияны ашып оны жүргізген “Қазақ тілі мен әдебиеті” кафедрасының меңгерушісі, профессор Ерғеш Абдувалитов осы конференция жайлы тоқталып, бұл жай ғана шара емес, студент-жастарды ұлттық та-мырын терең түсінуге жетелейтін маңызды бастама екенін, ең кереметі, Абайдың мұрасын үйренген жас ұрпақтың бойында білімнен бөлек, әділеттілік, мейірімділік, еңбекқорлық секілді асыл қасиеттер орнығатынын атап өтті.

Конференция барысындағы пленарлық мәжілісте жастар үшін жан-жақты маңызды баяндамалар оқылды. Атап айтқанда, Ташкент мемлекеттік педагогика университетінен, филология ғылымдарының докторы, профессор Иброхим Юлдашев, Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінен, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Тоты Көшенова, Шымкент университетінен келген

алғысын айтты, Абай қазақ поэзиясының шұғылалы шыны ғана емес, сонымен бірге қазақ әдебиетіне жаналық алып келген дара тұлға екенін атап өтті, жастарға Абай мұрасы ұлттық болмысымызды терең түсіну жолындағы ең қымбат қазына екенін терең ұғындырды, сондай-ақ білім алуға ұмтылу, білімді болу кез келген адамның парызы әрі қарызы екенін ұмытпаулары қажет екенін ескертті.

Сонымен қатар Республика қазақ мәдени орталығының төрағасы Серік Үсенов сөз сөйлеп, жастарды терең білім алуға, әсіресе ұлы ойшыл Абайды үйренуге, оның бай мұрасын жүрекпен ұғынуға шақырды, сонда ғана жастарымыз кез келген салада бәсекеге төтеп беретінін айтты. Низами атындағы педагогикалық университеттің “Қазақ тілі мен әдебиеті” факультеті үшін қазақтың ұлттық құндылығы болған домбы-

ты”, “Абай шығармаларын жанашыл әдістемеге негізделген практикалық тапсырмалар арқылы оқыту”, “Абайдың Шығыспен байланысының бастау бұлағы”, “Өнегелі ойлар шоғыры” және “Абайдың қара сөздерін ағылшын тіліне аудару кезіндегі лексикалық мағынасының сақталуы” сияқты тақырыптарды қамтыған секциялық мәжілістер де жоғары деңгейде, заманды әрі сайласы өтті.

Қорыта айтсақ, “Абай және Шығыс ренессансы” атты халықаралық конференция Абайдың ілімін бүгінгі күн көзқарасымен қайта қарады, аймақтағы ғылым мен мәдени байланысқа серпін берді, студент-жастарға Абай Құнанбайұлын Шығыс ренессансының жалғастырушысы ретінде жана қырынан танытты деуге болады. Ең маңыздысы, оның рухани мұрасын цифрлық технологиялармен, білім беру жүйесімен және қоғамның даму



раны және кітапхана қоры үшін “Абай әлемі”, тағы басқа да атты құнды кітаптарды тарту етті.

Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінің “Қазақ тілі мен әдебиеті” кафедрасында жалғасын тапқан, “Абайдың адамгершілік ілімі”, “Абай танымындағы табиғат құбылыстары”, “Абай шығармалары тілінің лингвомәдени сипа-

үрдістерімен үйлестіру қажеттігі айқындалды. Сонымен қатар бұл басқосу болашақ зерттеулерге, бірлескен бағдарламалар мен инновациялық жобаларға негіз қалап, Орталық Азияда әдеби-философиялық мұраны зерттеу істеріне үлес қосарына сенімдіміз.

Өлия ӘБДРАХМАНОВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

“Нұрлы жол” газетінің ұжымы газеттің аға тілшісі, әріптесіміз Айгүл Тешебаеваға өмір жолдасы **Махамбет АҒАБЕКОВ**тың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Баспа • Дистрибуция • Қорық • Материалдар

Нұрлы жол

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРМАНДЫҚ АҚПАРАТ ҚОҒАМЫ

ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР:

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі

Заң шығару палатасының Кеңесі, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Кеңесі және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті

Бас редактор Ғұламзәкір ЮСУПОВ

Газет 2008 жылы 25 июльде Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 0004-санмен тіркелген. Офсеттік басылым. Қағаз түрі А2. Аптасына 2 рет шығалды. Таралымы — 3682

Көлемі 4 беттен артық қолжазбалар қабылданбайды. Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды. Газетте жарық көрген оқырма пікірі редакция қосқарсамен сөйкес келе бермейтіні ескертіледі. “Нұрлы жолдың” материалдарын редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

ISSN 2010-6343

9 772010 634001

Кезекші редактор: Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ

Беттеуші-дизайнер: Қайсар РАХМАНОВ

nurljol2022@gmail.uz

Мекенжайымыз: Ташкент, ГСП, 100011. “Науаи” көшесі, 30-үй, 4-қабат.

Телефон: +998 55 510-04-64.

Индекс: 168. Көлемі 2 баспа табак. Бөлшек саудада еркін баға.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

“Шарқ” баспа-полиграфия акционерлік компаниясының баспаханасында басылды. Кәсіпорынның мекенжайы: “Буюк Турон” көшесі, 41-үй.

Тапсырме Г — 526.

Басуға тапсыру уақыты: 21.00

Тапсырылды: 01.20 1 2 3 4 5 6

https://sites.google.com/view/nurljoluz

https://t.me/nurljol1991

https://www.facebook.com/profile.php?id=100094152278738